

В.М.Михновский, ал 1944 жылдың ортасынан бастап медқызмет майоры А.Ф.Леоновский болды. 420 орындық госпиталь соғыс жылдарында 3887 жаралы мен науқасты қабылдап алды. Осы уақыт ішінде 8 адам қайтыс болып, 843 адам сапқа қайта оралды. Ал қалғандары әскери есептен шығарылып, немесе әрі қарай емделуге демалыс беріліп қайтарылды.

№ 4113 эвакогоспиталь Медеу қойнауындағы «Қазақстанның Х жылдығы» демалыс үйінде жұмыс істеді. Басшысы III рангалы әскери дәрігер Е.П. Скуратова, ал 1942 жылдың аяғынан II рангалы әскери дәрігер Г.М.Варшавский болды. 1941 жылғы қазаннан 1945 жылғы 13 қыркүйекке дейінгі кезеңде онда 4992 жаралы және науқас жауынгерлер емделіп, 1259 адам сапқа қайта оралды.

№ 4100 эвакогоспиталь 1941 жылдың қазаннан 1945 жылғы 13 қыркүйекке дейін Шығыс Көміршілер кәсіподағы ОК демалыс үйінде Көкшетау облысының Шучье қаласында жұмыс істеді. Госпитальдың басшысы болып III рангалы әскери дәрігер А.П.Матафонов, 1943 жылдың бірінші жартысынан III рангалы әскери дәрігер Я.З. Браиловский, 1944 жылдың екінші жартысынан медқызмет капитаны А.С.Медовар жұмыс істеді. Соғыс жылдарында мұнда 3000 жауынгер емделді. Қайтыс болғаны – 3 адам, 998 адам сапқа оралды.

Қазақстанның басқа эвакогоспитальдарындағы көрсеткіштер де осыған шамалас. Оларда барлығы 184309 жаралы және науқас жауынгерлер емделді. Соның ішінде Республика Денсаулық сақтау халкомының госпитальдарында 151407, Қазақстандағы ВЦСПС жүйесінде 32902 адам емделді. Денсаулық сақтау халкомы госпитальдарында 60-70 %-ке дейін, кәсіподақ госпитальдарында емделгендердің 48,4 %-і сапқа қайта оралғандар болды [7, 146-б.].

Демек, майдан даласында жараланған жауынгерлердің өмірі үшін күн-түн демей аянбай қызмет жасаған медицина қызметкерлерінің Ұлы Жеңіске қосқан үлесін ешкім де жоққа шығара алмайды. Олар өздерінің міндеттерін жауапкершілікпен орындап, майдангердің аяқтан нық тұрып, сапқа қайта оралуына қолдан келер мүмкіндіктің барлығын ұтымды пайдаланды. Осы арқылы Қазақстанда орналасқан эвакогоспитальдар өздерінің алдына қойған миссияны абыроймен орындап шықты.

Пайдаланылған әдеттер:

1. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 142 б.
2. Войн без жертв не бывает // Красная звезда. 1982, 27 марта.
3. Очерки истории советской военной медицины. – Ленинград: Издательство «Медицина», 1968. - 526 с.
4. Жакупова М.А. Эвакогоспитали Казахстана в годы Великой Отечественной войны. – Алма-Ата: Казахстан, 1985. – 118 с.
5. Кучерявый И.М. Год работы эвакогоспиталя // Здравоохранение Казахстана, 1942. - №10. – С. 3-11.
6. Самарин Р.И. Забота о раненых и больных эвакуированных в Казахстан в годы Великой Отечественной войны // Здравоохранение Казахстана, 1980. - №5. – С. 6-9.
7. 40 лет Советского Красного Креста. 1918-1958. - Москва: Медгиз, 1959. – 221 с.

ГҮЛСІМ АСФЕНДИЯРОВА: МЕДИЦИНА САЛАСЫН ДАМЫТҚАН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

Убайдулла А.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Асылгожина Р.Е

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.

Гүлсім Асфендияроваға арналған бұл мақала қазақ даласындағы алғашқы қазақ медицинасы мен денсаулық сақтау саласының дамуына үлкен үлес қосқан дәрігер ретінде оның өмірі мен қызметін зерттеуге бағытталған. Мақсаты Асфендиярованың денсаулық сақтау саласындағы атқарған ролін анықтап, оның осы салада қызмет еткен үлесін талдау.

Тарих қойнауына үңілсек, еліміз азаттық таңына қол жеткізбей тұрып қаншама қиын-қыстау кезеңді басынан өткерді. Сондай бір қысылтаяң шақта қара басының қамын емес, халықтың жағдайын ойлап, қолұшын созғандардың арасында әйелдердің ролі орасан зор болды. Солардың бірі – қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер Гүлсім Асфендиярова. Оның халықты ағартуда қосқан үлесі мен қызмет жолы жайлы тың деректер әлі күнге дейін толыққанды ашылмай, беймәлім күйінде жатыр.

Гүлсім Асфендиярова – қазақ медицинасы мен денсаулық сақтау саласының дамуына үлкен үлес қосқан, өзінің кәсіби қызметі арқылы қазақ халқына шынайы көмек көрсеткен ғалым әрі дәрігер. Оның еңбегі мен ғылыми жұмыстарының маңызы өте зор, әсіресе Қазақстанда медицина саласының негізін қалауға жасалған үлесі ерекше.

Гүлсім Асфендиярова 1880 жылы дүниеге келген. Оның отбасында білімге деген құштарлық пен жоғары моральдық құндылықтар басым болды. Әкесі мен атасы дәрігерлер болған, бұл да Гүлсімнің

медицинаны таңдауға үлкен ықпал етті. Гүлсімнің ата-анасы отбасында бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді. Балалар мектепке барғанға дейін отбасында тәрбиеленді, яғни білім беру мәселесіне анасы жауап берген [1,45 б]. Демек, Гүлсімнің анасы сауатты қазақ қыздарының бірі болғанын аңғаруға болады. Олар отбасында дүниеге келген сегіз балаға да жынысына, сол кезеңдегі дәстүрлі қоғамның қарсылығына қарамастан толыққанды білім беруге тырысқан. Гүлсімді Түркістандағы қыздарға арналған ең үздік оқу орны – Ташкент қыздар гимназиясына оқуға береді. Гүлсім оқуды үздік бағамен тәмәмдаған соң болашақта дәрігер боламын деген үлкен мақсат қояды. Себебі сол уақытта Түркістан өлкесінде бірнеше індет пен жұқпалы ауру кең тараған кез еді [2,68-70 б]. Жалпы, мұсылман халқының медициналық көмекке мұқтаж болғанын көрген Гүлсім Ташкентте арнайы латын тілінде дайындалып, емтихан тапсырып, куәлік алып, Мәскеуге аттанады. Ол Ресейдегі Қыздар медициналық институтына, дәлірек айтсақ, қазіргі академик И.Павлов атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік медициналық университетіне оқуға түседі. Сол тұста институт Еуропадағы медицина саласында білім беретін қыздарға арналған жалғыз университет еді. Ол медицина саласында алғашқы қадамдарын хирургия және терапия салаларында жасады, бірақ кейінірек инфекциялық аурулармен күресу және профилактика саласына тереңнен ден қойды.

Гүлсім Асфендиярова көптеген жылдар бойы Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінде түрлі қызметтер атқарды. Оның ғылыми еңбектері негізінен инфекциялық аурулар мен олардың алдын алу шараларына арналды. Оның ең үлкен жетістігі – жұқпалы ауруларға қарсы вакцинация және басқа профилактикалық шараларды халық арасында кеңінен қолдану болды. Ол жұқпалы аурулардың таралуын азайту үшін арнайы зерттеулер жүргізіп, жаңа емдеу әдістерін ұсынды. Асфендиярова өзінің ғылыми зерттеулерінде түрлі инфекциялық аурулардың пайда болу себептері мен таралуына, олардың алдын алу әдістеріне ерекше назар аударады. Оның еңбектері еліміздің денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге, жаңа диагностикалық әдістерді енгізуге және жұқпалы ауруларды бақылау бағдарламаларын дамытуға әсер етті [3,79 б].

Асфендиярова жұқпалы аурулар бойынша бірнеше маңызды зерттеулер жүргізді. Оның еңбектері арасында туберкулез, сүзек, оба сияқты аурулардың алдын алу мен емдеу әдістеріне арналған ғылыми мақалалары мен баяндамалары маңызды орын алады. Осы жұмыстардың нәтижесінде ол Қазақстанның бірнеше аймағында дәрігерлерге жаңа емдеу тәсілдерін таныстырды, сонымен қатар, жалпы халық арасында аурулардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарына да белсене қатысты [4,106 б].

Гүлсім Асфендиярова оқу орнының оқытушысы ретінде де танымал. Ол болашақ дәрігерлерді кәсіби біліммен қамтамасыз ету, оларды ғылыми зерттеулер жүргізуге ынталандыру мақсатында көптеген семинарлар мен оқу курстарын өткізеді. Оның жетекшілігімен көптеген студенттер ғылыми жобалар мен тәжірибелік зерттеулер жүргізді, нәтижесінде бірыңғай маман-дәрігерлер қатарына қосылды. Гүлсім Асфендиярова медициналық білім беру саласында да үлкен үлес қосты. Ол Алматыдағы медицина институтында оқытушы болып жұмыс істеп, жас мамандарды даярлауға атсалысты. Оның дәрістерінде және практикалық сабақтарында көптеген жас дәрігерлер науқастарды дұрыс емдеуге, профилактикалық шараларды қолдануға үйренді. Оның еңбегі медицина саласындағы білім сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Асфендиярова өз мамандығы бойынша қоғамдық ұйымдарға қатысып, халықаралық медициналық конференцияларға белсенді қатысады. Ол жастарды ғылымға қызықтыру, қоғамдық денсаулықты қорғау бойынша түрлі жобаларды жүзеге асыратын көптеген бастамалардың бастаушысы болды. Ол тек медицина саласында ғана емес, денсаулық сақтау мәселелеріне қатысты қоғамда көптеген бағдарламалар жасап, олардың жүзеге асуына көмектесті. Сонымен қатар санитарлық-гигиеналық білім берудің маңыздылығын түсініп, халық арасында денсаулық сақтау мәдениетін көтеру мақсатында кең ауқымды жұмыстар жүргізді.

Дәрігерлік қызметпен қатар қоғамдық қызметке де үлкен көңіл бөлді. Ол көптеген конференциялар мен симпозиумдарда Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесін дамыту жөнінде сөз сөйлеп, өз ұсыныстарын ортаға салды. Атап айтқанда, ол халықтың денсаулығын сақтау мақсатында санитарлық ережелерді енгізу, таза ауыз сумен қамтамасыз ету, азық-түлік өнімдерінің сапасын бақылау мәселелеріне ерекше назар аударды. Оның осы салалардағы бастамалары көп ұзамай жүзеге асырылып, өңірлердегі эпидемиялық аурулардың таралуын едәуір төмендетуге мүмкіндік берді [5,105 б].

Қорыта келгенде Гүлсім Асфендиярова қазақ ғылымы мен медицинасында аталатын тұлға. Оның медициналық білім мен ғылымға қосқан үлесі, жастарға берген тәрбиесі, қоғамдық денсаулықты қорғаудағы қызметтері зор. Осындай мамандардың арқасында Қазақстанның денсаулық сақтау саласы дамып, халықаралық деңгейде танылуда. Гүлсім Асфендиярова сияқты тұлғалар еліміздің болашағын жарқын етуге ықпал етіп, ғылым мен білімді дамытуда үлкен рөл атқарады. Гүлсім Асфендиярова қазақ медицинасының тарихында есімі алтын әріптермен жазылған тұлға. Оның ғылыми еңбектері, медициналық қызметі және қоғамдық денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі зор. Асфендиярова өз өмірін тек қана денсаулық сақтау ісіне арнап, халыққа шынайы қызмет көрсетті. Оның ғылыми жетістіктері мен медицина саласындағы мұрасы қазіргі жас дәрігерлер мен зерттеушілер үшін үлкен маңызға ие болып қалауда.

Гүлсім Асфендиярованың есімі ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, оның атқарған еңбектері қашанда есте сақталатын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жүнісбаев А. Санжар Асфендиаров: өмірі мен қызметі (1889-1938 жж.). - Т. I (1889-1918 жж.). - Алматы: "Елтаным баспасы", 2014. — Б. 45.
2. Умми-Гүлсім Асфендарованың жеке ісі (Санкт-Петербургтің орталық мемлекеттік тарихи мұрағатында орналасқан)
3. Умми учаскелік дәрігерінің қызмет тізімі-Гүлсім Асфендиарова. 1908 ж. 22 тамыз // Ога РУз. Аты-Жөні-17. ЖТ. 1. д. 34836. ә. 79;
4. Әмудария бөлімі бастығының атына хат, 22 ақпан 1914 ж. // Ога РУз. Ф. И-2, оп. 1, д.309, д. 15.
5. Әлжанов А. "Алғашқы қарлығаштар". — Алматы: "Арыс", 2007. - 106 б.
6. Исмаилов А. "Санжар Асфендиаровтың отбасы тарихынан". — "Қазақстан мұрағаттары". — Астана. — 2008. — № 1. — Б. 105.
7. Жүнісбаев А. Қазақтың тұңғыш әйел-дәрігері. Қазақ әдебиеті газеті, 09.03.2018 <https://qazaqadabiet.kz/13983/aza-ty-t-ysh-jel-d-rigeri>
8. Махмудов М. "Хорезмдегі алғашқы аурухана"• - "Кеңестік Денсаулық сақтау" - Мәскеу, 1984. — № 1. — С. 67-69.
9. Махмудов М. "революцияға дейінгі Түркістандағы алғашқы әйел-дәрігерлер"• - "Кеңестік Денсаулық сақтау" - Мәскеу, 1988. — № 8. — С. 68-70.

ЕВНЕЙ АРЫСТАНҰЛЫ БӨКЕТОВ: ҒАЛЫМ, ҚАЙРАТКЕР, ТҮЛҒА

Жағалова Дилара, Қасым Ажар

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, профессор ассистеті Смағұлов Н.Б.,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ.

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Евней Арыстанұлы Бөкетов – қазақтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, білім беру ісінің ірі ұйымдастырушысы. Ол 1925 жылы 23 наурызда Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Сергеев қазіргі Шал ақын ауданы, Бағанаты ауылында дүниеге келген. Евней Бөкетовтың отбасы ауыл шаруашылығымен айналысқан. Оның әкесі Арыстан Бөкетов – еңбеккер, өз ауылында сыйлы адам болған. Анасы да қарапайым әрі еңбеккер адам ретінде балаларына тәрбие берген. Евнейдің балалық шағын Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық аймақтарында өткен, бұл оның болашақ өміріне ерекше әсер еткен. Ауылдың қиыншылығы мен қарапайым өмірі жас Евнейдің еңбексүйгіштігін, табандылығын, білімге деген ынтасын қалыптастыруға ықпал етті.

Евней Арыстанұлы мектепті өзінің туған ауылында бастап, кейін туған облысы территориясында мектептерде білімін жалғастырды. Алғашқы жылдары-ақ математика мен физикаға қызығушылық танытып, осы ғылым салаларын тереңірек зерттеуге талпыныс білдірді. Бұл ғылымдар оның болашақ мамандығы мен ғылыми жолына негіз қалайды. Өз қатарластарының арасында әр түрлі ойындар ұйқастырып, олардың жол көрсетушісі және ұйымдастырушысы бола білді.

1932-1941 жылдары Евней Арыстанұлы ауыл мектептерінде дәріс алады: Кіші кизак, Макушин және Солтүстік Қазақстан облысындағы Марьевка селосында тұрады. Осы Марьевка селосында 9-сыныпты бітірді. Мектепте оқыған кезінде ол көптеген әдеби шығармалар, тарихи романдар және техника жағдайындағы кітаптарды көп оқыды. 7-сыныпты үздік бағамен оқығаны үшін, оған 2 метр шыт матасын сыйға беріледі, оны Евней Ыбырай ағасына әкеп береді. Евнейдің осындай құрметке ие болғанынан риза болғаны соншалықты, жаңағы матадан бірдеңе тігуге ұлықсат етпей, оны үйдің бұрышына көрінетіндей етіп ілгізіп қояды. Евней ағасының көрегендігіне таң қалатыр еді, себебі көрінетін жерде ілулі тұрған матаның осы кесіндісінің ақыл ретінде айтылған қандай да болмасын сөзден гөрі тәрбиелік мәні зор болатын. 1939 жылы 7-сыныпты үздік бағамен бітіргені үшін және үлгілі тәртібі үшін Алтай тауына экскурсияға жолдама беріледі. Ең үздік оқушылардың қатарында болғандықтан, Евнейді 1941 жылы 9-сыныпты аяқтаған соң ауыл мектебіне ұстаздық етуге жібереді.

1941-1945 жылдары Евней Арыстанұлы Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь ауданының Соколовка, Ольгинка, Двойники, Жалтыр, Афанасьевка, Городецк селоларында бастауыш және орта мектептерде ұстаздық қызметін атқарып, біраз уақыт осы мектептерді оқу ісін меңгерушісі болды. 1945 жылы Евней Арыстанұлы Марьевка орта мектебінде сырттай емтихан тапсырып, кәмелеттік аттестат алды. Қазіргі таңда осы № 2 орта мектепке Е.А. Бөкетовтың есімі берілген. Сол жылы (1945 ж) ол Алматы қаласындағы Қазақ тау-кен металлургия институтына түседі (Қазіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университет), сөйтіп оны 1950 жылы бітіріп шықты.

1951-1953 жылдары Е.А. Бөкетов өзі бітірген институтының аспирантурасында оқыды. 1954 жылдың шілде айында Қазақ КСР Ғылыми Академиясының Металлургия және кен байыту институтында мобилденді бөліп алу және химиялық анализі мәселелері бойынша кандидаттық диссертациясын қорғап шықты. Осыдан